

1. Балалардың ойлау және зейінін бақылауға арналған тиімді тәсілдер

Әдіс 1. «Шульте кестесі» – Зейін тұрақтылығын анықтау

Мақсаты: сандарды ретімен табу жылдамдығын, зейіннің жинақтылығын бағалау.

Әдісі: 1–25 сандары бар квадрат беріледі.

Баланың уақыты: 35–90 сек (жасына қарай).

Қорытынды: уақыт аз – зейіні жақсы, ұзақ – зейіні төмен.

Әдіс 2. «Артық затты тап» – Логикалық ойлау

Мақсаты: салыстыру, талдау, ой қорытындысын тексеру.

Балаларға көрсетіледі: 4 заттың суреті (мысалы: қасық, пышақ, шанышқы, доп).

Тапсырма: артық затты табу және неге екенін түсіндіру.

Бағалау:

- ✓ дұрыс тапты + түсіндірді – жоғары ойлау
- ✓ тек тауып, түсіндірмеді – орта
- ✓ таба алмады – төмен

Әдіс 3. «Қысқа әңгіме» – Сөйлеу және есте сақтау

Психолог кішкентай 4–5 сөйлемнен тұратын мәтінді оқиды.

Баладан сұралады:

- Кейіпкер кім?
- Не істеді?
- Соңында не болды?

Бағалау:

- ✓ 3 сұраққа толық жауап – жоғары
- ✓ 1–2 сұраққа – орта
- ✓ жауап бере алмады – төмен

«Балдәурен» МАД тобының ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ТАЛДАУЫ

Топ құрамы: 25 бала

– Төмен деңгей: 1 бала (Айдосқызы Медина)

– Орта деңгей: 8 бала

– Жоғары деңгей: 16 бала

ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ТАЛДАУ

1. Зейін даму деңгейі

Деңгей	Балалар саны	Қорытынды
Жоғары	15	Зейіні тұрақты, тапсырмаларды тез орындайды
Орта	8	Жұмыс қарқыны баяу, алаңдаушылық бар
Төмен	1	Медициналық диагнозға байланысты зейін ерекшелігі

2. Ойлау қабілеті

Деңгей	Балалар саны	Қорытынды
Жоғары	16	Салыстыру, жалпылау, байланыс табу дағдылары бар
Орта	7	Қосымша сұрақ берсе ғана жауап береді
Төмен	2	Логикалық қорытынды жасау қиын

Ескертпе: төмен деңгейді көрсеткен балаларға жеке бағдарлама ұсынылады.

3. Есте сақтау

Деңгей	Балалар саны
Жоғары	14
Орта	9
Төмен	2

Жалпы қорытынды

Топтың психологиялық деңгейі жасына сай, тұрақты, зейін мен ойлау қабілеті ортадан жоғары.

8 балаға қосымша дамыту жұмыстары,

1 балаға – жеке түзету бағдарламасы ұсынылады.

